2025 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 6,550 трлн. теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2024 жылғы ұқсас кезеңнен 25,8% жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес **түсті металлургияға** тиесілі – 3 306,1 млрд. теңге, **қара металлургиядағы** өндіріс 1 129,2 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті **түсті кендерді** өндіру алады – 1 822,6 млрд. теңге, қалғаны **темір кендерін** өндіруге тиесілі – 278,8 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2025 жылғы қаңтар-мамырда 100,8% құрады. Бұл ретте «**темір кендерін өндіру» НКИ** 102,8% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (105,1%) өсуімен байланысты.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 100,5% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: мыс (102,9%).

«Металлургия» НКИ 2025 жылғы қаңтар-мамырда 100,0% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 97,9% құрады. НКИ төмендеуі тазартылған мыс (98,6%), өңделмеген тазартылған қорғасын (71,4%), аффинирленген алтын (88,3%), өңделмеген мырыш (94,1%), аффинирленген күміс өндірісінде (84,6%) .

Қара металлургиядағы НКИ қайта құйылған шойын (112,8%); ферроқорытпалар (103,8%); тазартылмаған болат (105,9%); жалпақ прокат (111,9%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер мен бұрыштар (103,6%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 103,4% құрады.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде **металлургия өнімінің экспорты** 2024 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 15,7% төмендеп, 3 878,8 млн АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1 366,6 млн АҚШ доллары, түсті – 2 512,2 млн АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 6% төмендеді, түсті металлургия 20,1% төмендеді.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (31,1%), ферроқорытпалар (18,1%), жалпақ прокат (12,3%), мырыш (5,6%), глинозем (4,1%), алюминий (3,9%) өнімдеріне тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының теріс динамикасы мыс, алюминий, күміс, титан және одан жасалған бұйымдар және т. б. экспортының құндық көлемдерінің төмендеуіне байланысты.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан Республикасының металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (33,7%), Ресей (17,1%), Түркия (14,0%) және Өзбекстан (5,2%) болды.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде **металлургия өнімдері импортының** көлемі 2024 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 22,8%-ға төмендеп, 986,6 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 850,7 млн. АҚШ доллары, түсті – 135,9 млн. АҚШ

долларын құрады. Бұл ретте болат дайындамалар (-48,5%), жалпақ прокат (-16,8%), жіксіз құбырлар (-11,9%), глинозем (-11,4%) және т. б. импорттың құндық көлемінің төмендеуі байқалды.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде металлургия өнімдері **импортының құндық құрылымында** келесі өнімдер басым: болат шыбықтар (21,5%), жалпақ прокат (14,4%), жіксіз құбырлар (11,6%), дәнекерленген құбырлар (9,0%), болат дайындамалар (8,4%) және т. б.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан Республикасына металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (70,0%), Қытай (18,9%) және Италия (1,7%) болып табылады.

2025 жылғы қаңтар-сәуірде Қазақстан Республикасының металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 3,8 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 76% отандық тауар өндірушілерге, ал 24% импорттық өнімдерге тиесілі.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасының металлургия өндірісінің құрылымында 2025 жылғы қаңтар-мамырында Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,3%, Шығыс Қазақстан облысының үлесі – 16,6%, Павлодар облысының үлесі – 12,4% құрайды.

QazIndustry

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-МАЙ 2025 г.


6 550 МЛРД ТГ.



ИФО

ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 100,8%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 100,0%

$ 3,8 МЛРД




ЭКСПОРТ



РЫНОК


$ 1,0 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за **январь-апрель 2025** г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-МАЙ 2025 Г., МЛРД ТЕНГЕ



АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»
РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz